

Білім беру ұйымдарының ішкі тәртіптемесінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысының әкімдігінің 2015 жылғы 1 маусымдағы № 29/05 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 7 шілдеде № 3321 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 2024 жылғы 11 қазандағы № 61/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 11.10.2024 № 61/01 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңына сәйкес, Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

Коса беріліп отырған Білім беру ұйымдарының ішкі тәртіптемесінің үлгілік қағидалары бекітілсін.

"Қарағанды облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындастын шаралар қолдансын.

Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

H. Әбдібеков

Қарағанды облысы әкімдігінің
2015 жылғы 01 маусымдағы
№ 29/05 қаулысымен
Бекітілген

Білім беру ұйымдарының ішкі тәртіптемесінің үлгілік қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Білім беру ұйымдарының ішкі тәртіптемесінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 2-тармағының 24-7) тармақшасына сәйкес әзірленді және білім беру ұйымының ішкі тәртібін ұйымдастырудың және жүзеге асырудың тәртібін айқындайды.

2. Үлгілік қағидалар білім беру ұйымдарының ішкі тәртіптемесінің қағидаларын әзірлеу және бекіту барысында бірыңғай көзқарастарды қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

3. Білім беру үйымдарының ішкі тәртіптемесінің қағидалары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзірленеді.

4. Ішкі тәртіптемені қамтамасыз ету мақсатында, білім беру үйымының әкімшілігі, білім беру үйымының қызметкерлері, сондай-ақ білім алушылары және тәрбиеленушілерінің білім саласында Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Білім беру үйымдарының ішкі тәртіптемесінің қағидаларымен өздеріне жүктелген міндеттердің сақталуын қамтамасыз етеді.

2. Білім беру үйымының ішкі тәртіптемесі

Білім беру үйымының ішкі тәртіптемесінің қағидаларында:

білім беру үйымының әкімшілігі және педагогтарының білім алушылармен және тәрбиеленушілермен өзара қарым-қатынасы;

оку-тәрбие процесіне қатысушылардың тәртібі;

білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім алуы және өмірі мен денсаулығын сақтау, балалардың құқықтарын қорғау үшін жағдайлар;

үйым қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыруды үйымдастыру;

білім беру үйымының қызмет режимі (білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тәуліктік болуы, олардың белгілі уақыт ішінде болуы, оку сабактарының ауысымдығы мен білім беру үйымының жұмысының өзге ерекшеліктері), жұмыс уақытының және педагогикалық және басқа қызметшілердің демалыс уақытының режимі;

білім беру үйымы жұмысының басталу және аяқталу уақыты, сабактардың арасындағы үзілістер;

білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оку сабактарының ұзақтығы қамтылуы тиіс.

Білім беру үйымының әкімшілігі қызметкерлердің, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, сонымен қатар олардың ата-аналарының немесе занды өкілдерінің білім беру үйымының ішкі тәртіптемесі қағидаларына қолжетімділігін және таныстыруды қамтамасыз етеді.